

"White & Case" компаниясының көрсеткен қызметтері үшін қосымша шығыстарды төлеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 6 маусымдағы N 167

Қазақстан Республикасына (Қазақ-Люксембург сауда үйінің келісім-шарты) "Trans Commodities, Ina" компаниясының талабы бойынша соттық істі қарауының табысты аяқталуы мақсатында және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 23 қазандағы N 487 өкіміне сәйкес:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне "White & Case" компаниясының көрсеткен қызметтері үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған резервтік қорының есебінен 20 000 (жиырма мың) АҚШ долларына баламды сомада қосымша шығыстарды төлеуге рұқсат берілсін.

Премьер-Министр